

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

"Халық-Life" АҚ Басқарма шешімімен

М а қ ұ л д а н д ы

(2024 жылғы 11 қаңтардағы отырысының
№2 хаттамасы)

"Халық-Life" АҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен

Б е к і т і л д і

("Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Директорлар кеңесінің 2024 жылғы
18 наурыздағы сырттай өткен отырысының
№ 15 хаттамасы)

Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру Е Р Е Ж Е С І

Бұл электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады. Құжат 19.03.2024ж.бастап қолданысқа енгізіледі. Баспа түрінде бұл құжат ақпарат үшін қолданылады. Құжаттың көшірмесін растау үшін ЖКД (БК қызметкерлері) / Филиалдың директорына (филиалдардың қызметкерлері үшін) хабарласу қажет.

Алматы қ. 2024

Мазмұны

Кіріспе	3
1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ	5
3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ОРЫНДАУ	7
§ 1. Сақтандыру төлемдерін төлеу	7
§ 2. Сақтандыру төлемдерін төлеуді тоқтату және қалпына келтіру	8
§ 3. Сақтандыру төлемдерін төлеуді тоқтату.....	10
4-тарау. Сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының, қоғамның және пайда алушының құқықтары мен міндеттері.....	10
§ 1. Сақтандыру шарты бойынша сақтанушының құқықтары мен міндеттері.....	10
§ 2. Қоғамның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері.....	11
§ 3. Сақтандыру шарты бойынша пайда алушының құқықтары.....	11
5-тарау. Басқа ережелер.....	12

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және «Халық-Life» Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттарын жасасу және орындау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ осындай шарттар бойынша сақтанушылардың, Қоғамның және пайда алушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын терминдер мен шартты белгілер (қысқартылған сөздер) төмендегілерді білдіреді:

«ААЖ Е-макеті» – «Зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларын электронды түрде тағайындаудың» мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

«пайда алушы» – пайдасына сақтандыру шарты жасалған (сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын алушы болып табылатын) жеке тұлға;

«мемлекеттік корпорация» – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

«ЖОМС келісімі» – Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты;

«сақтандыру шарты» – Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты;

«СБДБ» – сақтандырудың бірыңғай деректер базасы;

«ЖОМС Заңы» - «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Есептеу қағидаттары» – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 98 қаулысымен бекітілген Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің қағидаларын немесе аталған Қағидатты алмастыратын өзге де нормативтік құқықтық акті;

«Сақтандыру төлемдерінің қағидалары» – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 98 қаулысымен бекітілген Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидалары немесе аталған Қағидатты алмастыратын өзге де нормативтік құқықтық акті;

«жұмыс беруші-өтініш беруші» – пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін Қоғамға өтініш берген жұмыс беруші;

«сақтанушы» – Қоғаммен сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;

«сақтандыру төлемі» – сақтандыру жағдайы туындаған кезде Қоғамның пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;

«сақтандыру сыйақысы» – сақтанушы Қоғамға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемені қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

«сақтандыру сомасы» – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Қоғам жауапкершілігінің ең жоғары сомасын білдіретін ақша сомасы;

«сақтандыру жағдайы» – пайда алушының келесі сақтандыру төлемі басталған күнге дейін өмір сүруі;

«Сақтандыру шартына қойылатын талаптар» – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 98 қаулысымен бекітілген Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптарды және сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі немесе аталған Талаптарды алмастыратын өзге де нормативтік құқықтық акті;

2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда жұмыс істейтін жеке тұлғаларға арналған (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар) арнаулы әлеуметтік төлемдердің құрамына кіреді.

Көрсетілген арнаулы әлеуметтік төлемді алу құқығы Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында белгіленген. Осы тармақ сондай-ақ осы құқықтың туындау және әрекет ету жағдайларын белгілейді.

3. Сақтандыру шартын жасасу шарттары мен тәртібіне және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар ЖОМС Заңының 23-1 және 23-2-баптарымен белгіленген.

ЖОМС Заңының 9-бабының 2-тармағына және 23-1-бабының 1-тармағына сәйкес Қоғам өмірді сақтандыру саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын ұйым ретінде өзі жұмыс істейтін барлық жұмыс берушілермен ЖОМС сақтандыру шарттарын жасасуға міндетті.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ЖОМС Заңының 23-1 және 23-2-баптарымен берілген өкілеттіктерге сәйкес өз Басқармасының қаулысымен Сақтандыру шарттарына қойылатын талаптарды, Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру ережелерін және Қоғаммен орындалуға міндетті болып табылатын Есептеу қағидаттарын бекітті.

5. ЖОМС Заңының 1-бабына және Сақтандыру шартына қойылатын талаптарға сәйкес, сақтандыру шартының мәні, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 195-1 бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған жағдайда еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда жұмыс істейтін жеке тұлғаның пайдасына Қоғамның сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруы болып табылады.

Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі болып, пайда алушының сақтандыру шартында белгіленген кезекті сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне дейін өмір сүруіне байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.

6. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

2-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ

7. Сақтандыру шартына қойылатын талаптарға сәйкес сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады.

Сақтандыру шарты Қоғамның тиісті техникалық мүмкіндіктері болған жағдайда Қоғамның ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

8. ЖОМС Заңының 23-1-бабының 1-тармағына сәйкес сақтандыру шартын жасасуға, Қоғаммен жасалған қолданыстағы ЖОМС шартының бір тарабы болып табылатын жұмыс берушіден пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемдерін төлеу туралы Қоғамға келіп түскен өтініш негіз болып табылады.

Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес жұмыс беруші аталған өтінішті, **ААЖ Е-макетке** ақпаратты енгізгеннен кейін, жеті жұмыс күні ішінде жұмыстағы еңбек жағдайлары қауіпті жұмыстармен айналысатын адаммен еңбек шартын бұзу туралы мәліметтерді немесе мұндай адамды зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауыстыруды көздейтін еңбек шартының талаптарын өзгерту туралы мәліметтерді енгізгеннен кейін Қоғамға береді.

Аталған өтінішке Сақтандыру шартына қойылатын талаптарды орындау үшін қажетті құжаттар қоса берілуі тиіс. Мұндай құжаттардың тізбесі және оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын негізге ала отырып, Қоғам Басқармасының шешімімен бекітіледі.

9. Сақтандыру шартына қойылатын талаптарға сәйкес сақтандыру шарты жасасқан сақтандыру шартының пайда алушысы болып табылатын тұлғаның талаптарға сәйкес СБДБ және Қоғамға дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге берген келісімі негізінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалады.

Осы келісімнің нысаны Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының нормаларын негізге ала отырып, Қоғам Басқармасының шешімімен бекітіледі.

Қоғам осы келісімді Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында көзделген тәсілдермен алады.

10. Қоғам осы Ережелердің 8-тармағына сәйкес жұмыс берушінің өтінішін алғаннан кейін жасалынған сақтандыру шартының пайда алушысы болып табылатын тұлғаның Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкестігін анықтауды тексереді.

Бұл тексеруді Қоғамның ААЖ Е-макеті бойынша тиісті сұрау салуды жіберу және Қоғамның ААЖ Е-макетінен тексерілетін тұлғаның көрсетілген шарттарға сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі туралы хабарлама алуы арқылы жүзеге асырылады.

Егер тексеру нәтижесі теріс болса («сәйкес емес»), Қоғам өтініш беруші - жұмыс берушімен сақтандыру шартын жасасудан бас тартады.

Осы тексерудің нәтижесі оң болса («сәйкес»), Қоғам сақтандыру шартын жасайды, оған өз тарапынан қол қояды және шартты өтініш беруші-жұмыс берушіге қол қоюға жібереді. Сонымен қатар, сақтандыру шарты бойынша қалған сақтандыру

сомасы сақтандыру шартын жасасу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғам сақтандыру шартына қоса берілген ілеспе хабарламада өтініш беруші-жұмыс берушіге сақтандыру сыйлықақысының қосымша сомасын, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы мен ЖОМС шарты бойынша қалған сақтандыру сомаларының сомасы арасындағы айырма сомасын төлеу қажеттілігі туралы хабарлайды.

11. Сақтандыру шартының нысаны сақтандыру шартына қойылатын талаптардың және осы Ережелердің нормалары негізінде әзірленеді және Қоғам Басқармасының шешімімен бекітіледі.

Сақтандыру шартын жасау кезінде Қоғам өзі және сақтанушы туралы қолында бар мәліметтерді, сондай-ақ пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы өтініште көрсетілген пайда алушы мен сақтанушы туралы мәліметтерді пайдаланады.

Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшерін Қоғам пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер негізінде белгілейді.

Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін Қоғам Есептеу қағидаларына сәйкес белгілейді.

Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру төлемінің мөлшерін Қоғам ЖОМС Заңының 23-2-бабының 3-тармағының бірінші тармағына сәйкес белгілейді.

Қоғам Басқармасы өз шешімімен сақтандыру шартын жасау жөніндегі нұсқаулықтарды бекітуге құқылы.

12. Сақтандыру шартына қойылатын талаптарға сәйкес Қоғам пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемдері туралы өтінішті алған күннен бастап төртінші жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш беруші-жұмыс берушіге сақтандыру шартын жасасудан бас тарту туралы немесе Қоғам қол қойған сақтандыру шартын жіберуге міндетті.

Тиісінше, осы Ережелердің 10-тармағында көрсетілген тексеруді Қоғам осы тармақтың бірінші азат жолында сипатталған өз міндеттемесін тиісінше орындай алатындай мерзімде аяқтауы тиіс.

13. Сақтандыру шартына қойылатын талаптарға сәйкес:

- 1) жұмыс беруші-өтініш беруші Қоғамнан сақтандыру шартын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, өз тарапынан қол қойылған шарттың нұсқасын Қоғамға жіберуге міндетті;
- 2) Сонымен қатар, ЖОМС сақтандыру шарты бойынша қалған сақтандыру сомасы сақтандыру шартын жасасу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, өтініш беруші-жұмыс беруші, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы мен ЖОМС шарты бойынша қалған сақтандыру сомаларының сомасы арасындағы айырма бойынша сақтандыру сыйлықақысының қосымша сомасын төлейді.
- 3) сақтандыру шарты келесі күннен бастап жасалған болып есептеледі:
(егер сақтандыру шарты бойынша қалған сақтандыру сомасының сомасы сақтандыру шартын жасасу үшін жеткілікті болса) Қоғам өтініш беруші-жұмыс берушіден қол қойылған сақтандыру шартын алған күннен бастап;

(ЖОМС сақтандыру шарты бойынша қалған сақтандыру сомасының сомасы сақтандыру шартын жасасу үшін жеткіліксіз болған жағдайда) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес өтініш беруші-жұмыс берушіден Қоғамның банктік шотына ақша түскен күннен бастап;

4) Қоғам жасалған сақтандыру шарты туралы ақпаратты ол жасалған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ААЖ Е- макетіне жіберуге міндетті.

14. Қоғам жұмыс берушімен бірнеше сақтандыру шарттарын (жұмыс берушіге қатысты жеке Пайда алушылар үшін немесе осы жұмыс берушіге қатысты пайда алушылардың топтары үшін) және бір сақтандыру шартын (осы жұмыс берушіге қатысты барлық пайда алушылар үшін) жасасуға құқылы.

Егер сақтандыру шарты бір жұмыс берушіге жататын пайда алушылардың топтары үшін немесе бір жұмыс берушіге жататын барлық пайда алушылар үшін жасалған болса, пайда алушылардың құрамындағы өзгерістер осы шартқа өзгертулер енгізу арқылы ресімделеді.

15. Сақтандыру шартын жасау кезінде Қоғам мен ААЖ Е-макет арасында ақпарат алмасу СБДБ арқылы жүзеге асырылады.

3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ОРЫНДАУ

§ 1. Сақтандыру төлемдерін төлеу

16. Қоғам ай сайын сақтандыру жағдайлары басталған кезде пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемдерін төлеу туралы жұмыс берушінің өтінішін алған күннен бастап басталатын және осы пайда алушының Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 207-бабында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты аяқталатын кезең ішінде кез келген пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүргізеді (Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру Ережелерінде көзделген және осы тармақтың екінші және үшінші тармақтарының азат жолдарында көзделген жағдайлар кірмейді).

Пайда алушы қайтыс болған жағдайда оған тиесілі соңғы сақтандыру төлемі оның қайтыс болған айына төленеді.

Пайда алушы Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда, оған тиесілі соңғы сақтандыру төлемі оның кеткен айына төленеді.

17. Бір пайда алушыға тиесілі кез келген кезектегі сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады және ЖОМС Заңының 23-2-бабы 3-тармағының екінші тармағына сәйкес түзетіледі.

18. Қоғаммен қандай да бір сақтанушымен жасасқан сақтандыру шартын орындау кезінде сол сақтанушымен Қоғам жасасқан ЖОМС сақтандыру шарты бойынша қалған сақтандыру сомасынан сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады.

Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшері пропорционалды түрде азайтылады.

19. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде Қоғам оларды сақтанушыларға сәйкес топтайды.

20. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес:

- 1) Қоғам кез келген ай үшін сақтандыру төлемдерін Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына осы төлемдердің жалпы сомасына тең сомада ақша аудару арқылы жүзеге асырады;
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес ақша аударымы кезінде Қоғам тиісті төлем құжатында сақтандыру төлемдері жүргізілген айды көрсетеді және осы құжатқа оларды алушылардың тізімін қосады;
- 3) Қоғам осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес ақшаны ай сайын, сақтандыру төлемдері жүргізілетін айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей (осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып) аударады;
- 4) егер Қоғам қандай да бір пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктіріп алған жағдайда, осы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына аударуға жататын ақша сомасы, осы ай үшін Пайда алушы осы айдың соңына дейін қалған күнтізбелік күндер саны мен осы айдағы күнтізбелік күндердің жалпы саны арасындағы қатынасқа пропорционалды түрде азайтылады.

§ 2. Сақтандыру төлемдерін төлеуді тоқтату және қалпына келтіру

21. Қоғам Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру Ережелерінде көзделген келесі жағдайлардың бірі туындаған жағдайда кез келген пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды тоқтатады:
 - 1) Пайда алушының банктік шотында үш және одан да көп ай ішінде шығыс операцияларының болмауы;
 - 2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұруға кетуі;
 - 3) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі (егер бұл Пайда алушы шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға болса);
 - 4) Пайда алушыны хабар-ошарсыз кеткен деп тану бойынша жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу не осы Пайда алушыны хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі кезінде.
22. Қоғам СБДБ арқылы ААЖ Е- макетінен алынған және осы Ережелердің 21-тармағында айтылған жағдайлардың біріне байланысты туындаған мән-жайдың орын алғанын растайтын ақпарат негізінде Қоғам кез келген Пайда алушыға сақтандыру төлемдерін тоқтатады. Бұл ретте, Қоғам осы Пайда алушыға сақтандыру төлемдерін төлеуді Қоғам ААЖ Е- макетінен ақпараттарды алған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатады.
23. Кез келген пайда алушыға сақтандыру төлемдерін тоқтата тұру сақтандыру шартын бұзуға әкеп соқпайды.
24. Қоғам осы Ережелердің 21-тармағына сәйкес тоқтатылған сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар жойылған жағдайда төмендегі әрекеттерді қайта бастайды, атап айтқанда:

- 1) осы Ережелердің 21-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қоғам тоқтатқан кез келген Пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру осы Пайда алушының банктік шотында шығыс операциялары жүргізілген кезде қалпына келтіріледі; бұл ретте Қоғам осы пайда алушыға осындай тоқтата тұру күнінен бастап өткен кезең үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады;
- 2) осы Ережелердің 21-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қоғам тоқтатқан кез келген пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру осы Пайда алушы Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген кезде қайта басталады; бұл ретте Қоғам осы пайда алушыға Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген күннен бастап өткен, бірақ мұндай тоқтата тұру күнінен ерте емес кезең үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады;
- 3) Осы Ережелердің 21-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қоғам тоқтатқан кез келген пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру осы Пайда алушыға оның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға екенін куәландыратын құжат берілген кезде қайта басталады; бұл ретте Қоғам осы құжат берілген күннен бастап өткен, бірақ тоқтата тұру күнінен ерте емес кезең үшін осы пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады;
- 4) Осы Ережелердің 21-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қоғам тоқтатқан кез келген пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру осы Пайда алушыны хабар-ошарсыз кеткен адам ретінде іздеу бойынша жедел-іздігіру іс-шаралары аяқталғаннан кейін немесе осы Пайда алушыны хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген кезде қайта басталады; бұл ретте Қоғам осы қызметті тоқтатқан күннен бастап немесе аталған сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ осы күннен ерте емес өткен кезең үшін осы пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады.
25. Қоғам СБДБ жүйесі арқылы ААЖ Е- макетінен алынған және осы Ережелердің 21-тармағында көрсетілген мән-жайлардың жойылғанын растайтын ақпарат негізінде Қоғам кез келген Пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды жалғастырады.

§ 3. Сақтандыру төлемдерін төлеуді тоқтату

26. Қоғам кез келген пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру Ережелерінде көзделген мынадай мән-жайлардың кез келгені туындаған жағдайда тоқтатады:
 - 1) Пайда алушы қайтыс болған жағдайда;
 - 2) осы Пайда алушыға қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісі анықталған жағдайда (егер бұл Пайда алушы Қазақстан Республикасының азаматы болса);
 - 3) осы Пайда алушының пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу фактісі анықталған жағдайда.
27. Қоғам СБДБ жүйесі арқылы ААЖ Е- макетінен алынған және осы Ережелерінің 26-тармағында көрсетілген мән-жайдың орын алғанын растайтын ақпарат негізінде кез келген Пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды тоқтатады. Бұл ретте

Қоғам ААЖ Е- макетінен аталған ақпаратты алған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап осы Пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жасауды тоқтатады.

28. Кез келген пайда алушыға сақтандыру төлемдерінің тоқтатылуы осы пайда алушыға қатысты сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің бұзылуына әкеп соғады.

4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ, ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

§ 1. Сақтандыру шарты бойынша сақтанушының құқықтары мен міндеттері

29. Сақтандыру шарты бойынша сақтанушының мынадай құқықтары бар:

- 1) Қоғамнан сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауды талап етуге;
- 2) Қоғаммен сақтандыру шартының талаптарының сақтауын тексеруге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.

30. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша мынадай міндеттемелерді көтереді:

- 1) Қоғаммен қол қойылған сақтандыру шартын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы шартқа қол қоюға және оны Қоғамға жіберуге;
- 2) Бір жолғы сақтандыру шартын жасасу үшін ЖОМС шарты бойынша қалған сақтандыру сомасының мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғаммен келісілген мерзімде толық көлемде, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы мен ЖОМС шарты бойынша қалған сақтандыру сомаларының сомасы арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысының қосымша сомасын төлеуге міндетті.
- 3) сақтандыру шарты жасалған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде оның көшірмесін пайда алушыға беруге;
- 4) Пайда алушының қайтыс болуы туралы ақпарат болған жағдайда, мұндай хабарлама фактісін объективті түрде тіркеуге мүмкіндік беретін қолжетімді кез келген тәсілмен Қоғамды хабардар етуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді.

§ 2. Қоғамның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері

31. Қоғам сақтандыру шарты бойынша мынадай құқықтарға ие:

- 1) осы Ережелардың 21-тармағында көрсетілген мән-жайлардың кез келгені туындаған кезде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды тоқтата тұруға;
- 2) осы Ережелардың 26-тармағында көрсетілген мән-жайлардың кез келгені туындаған жағдайда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды тоқтатуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

32. Қоғам сақтандыру шарты бойынша мынадай міндеттемелерді мойнына алады:

- 1) ЖОМС Заңына, Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру ережелеріне және осы Ережеге сәйкес пайда алушыларға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға;
- 2) осы Ережелердің 21-тармағында көрсетілген мән-жайлардың орын алғанын растайтын мәліметтерді СБДБ арқылы ААЖ Е- макетінен алғаннан кейін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды тоқтата тұруға;
- 3) сақтандыру төлемдерінің орын алуын растайтын мәліметтердің СБДБ арқылы ААЖ Е- макетінен алғаннан кейін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды тоқтата тұруға міндетті.
- 4) осы Ережелердің 21-тармағына сәйкес тоқтатыла тұрған сақтандыру төлемдерін төлеуді тоқтата тұруға негіз болған мән-жайдың жойылғанын растайтын СБДБ арқылы ААЖ Е- макетінен ақпаратты алғаннан кейін қайта бастауды;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

§ 3. Сақтандыру шарты бойынша пайда алушының құқықтары

33. Сақтандыру шарты бойынша пайда алушының мынадай құқықтары бар:

- 1) ЖОМС Заңына, Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру ережелеріне және осы Ережеге сәйкес сақтандыру төлемдерін алуға;
- 2) сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде сақтанушыдан оның көшірмесін алуға;
- 3) Қоғамнан сақтандыру шартының талаптары туралы ақысыз ақпарат алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

5-тарау. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

34. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) осы Ережелердің 28-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындағанда;
- 3) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес өзге де жағдайларда.

35. Сақтандыру шарты бойынша сақтанушы, Қоғам және пайда алушы арасында туындайтын даулар келіссөздер арқылы шешіледі, егер де даулы мәселелер тараптар арасында келіссөздер арқылы шешілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

36. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар (ақпараттар, өтініштер, хабарламалар, түсіндірмелер, басқа да жіберілуге тиісті хабарламалар) олардың жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілдермен жіберілуге тиіс.

Сақтанушыға сақтандыру шартына қатысты хабарламаларды Қоғамның интернет-ресурсындағы сақтанушының жеке кабинеті арқылы жіберуге рұқсат етіледі (егер сақтанушының бұл үшін қажетті есепке алу жазбасы болса).

37. Осы Ережемен реттелмеген басқа жағдайлардың барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе заңнамаға сәйкес реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістер нәтижесінде осы Ережелердің кейбір талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, аталған талаптар осы Ережелерге тиісті өзгерістер енгізілмей, автоматты түрде қолданылу күшін жояды. Осы Ережелердің бір ережесі жарамсыз болып танылса, бұл осы Ережелердің қалған талаптарының жарамдылығына әсер етпейді.

38. Осы Ереже қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Осы Ережелердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, басымдық орыс тіліндегі мәтінге беріледі.